

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

жүйесінде осы күндері ең маңызды орындарды иеленіп келетіндігін мақала жазу барысында көзіміз жетті. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей экономика қалай өзгерсе, бухгалтерлік есеп жоғалып кетпейді, керісінше күн санап өзгеріске ұшырап, жетілу үстінде.

Әдебиеттер:

1. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері: Оқу құралы. - Алматы, ЭкономикС, 2003 ж.
2. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы
3. Шарипов А. К. Опыт применения МСФО в Казахстане // Экономика, управление, финансы: материалы II междунар. науч. конф. (г. Пермь, декабрь 2012 г.). — Пермь: Меркурий, 2012. — Б. 96-101.
4. Концепция развития системы бухгалтерского учета и аудита в Республике Казахстан на 2007-2009 гг.
5. Сидорова, М.И. Модели интеграции различных учетных подсистем в единое информационное пространство / М.И. Сидорова // Международный бухгалтерский учет. – 2013. - № 30 (276)-2013 август. – Б.20-27. (0,72 п.л.)
6. Сидорова, М.И. Бухгалтерский учет в условиях глобализации мирового экономического пространства: Монография / М.И.Сидорова // - М.: Финансовый университет, 2013.-136с. (8,5 п.л.)
7. Sidorova, M. The accountancy theory in the 21st century / M.Sidorova // European Journal of Natural History.-2010.-№1.-Б.47-48. (0,1 п.л.)

ШЫҒЫНДАРДЫ АЗАЙТУДЫҢ КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕЛЕСУГЕ ҚАБІЛЕТТІГІНЕ ӘСЕР ЕТУІ

Омашева А., Сулейменов Ж.М.

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева
Республика Казахстан, г. Астана
E-mail: 87018811655@mail.ru

Компанияның бәсекелестік басымдылығы оның нарықтағы жемісті қызметіне негізделеді. Алайда он жыл бойғы өркендеу мен белсенді ілгерілегеннен кейін көптеген фирмалар өз ісін әртараптандыру мен табысқа кенелуге ғана ұмтыла отырып, бәсекелестік басымдылық туралы ұмытып кетеді. Бұрын-соңды бәсекелестік басымдылықтың қазіргі күндегідей маңыздылығы болған жоқ, демек бүкіл әлем бойынша компаниялар ұлғайып келеді, ал нарықтағы бәсекелестердің іс-әрекеті табысқа барлығы қол жеткізе алмайтындығын көрсетуде.

Бәсекелестіктің мағынасын анықтаған кезде экономисттер қолданатын тәсілдердің әртүрлілігі бәсекелесуге қабілеттілік санатын қарастырған кезде де бейнеленеді. Кәсіпорынның бәсекелестік мәселесін зерттейтін әр зерттеушінің негізгі тапсырмасы бәсекелесуге қабілеттіктің критерийлерін анықтаудан, сондай-ақ бәсекелесуге қабілеттіліктің көзі мен факторларын анықтаудан құралады. Алайда орасан зор коннотациялық шатысқандық, түсініктемелер мен анықтамалардың айқын еместігі байқалады. Айқын еместік түсініктеме беру деңгейінде анықталады. Сонымен, экономикалық әдебиетте кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілігінің әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады.

Нарықтық экономика жағдайында табысқа жетудің негізгі тәсілі болып өнімді өткізу және өнімнің қосымша құнына қол жеткізу табылады. Бұл тұста өнімді өндіру және/немесе өткізу шектеулі экономикалық ресурстарды пайдалану арқылы жүргізіледі. Сондықтан нарықтық экономика жағдайында пайда табу экономикалық ресурстарды пайдалану тиімділігімен немесе алынған нәтиже мен оған жету үшін жұмсалған шығындардың арақатынасының тиімділігі арқылы жүзеге асырылады. Сәйкесінше, нарықтық

бәсекелестіктің мағынасы экономикалық ресурстарды барынша пайдалану арқылы айтарлықтай жоғары пайда алу үшін күресуге негізделеді.

Кәсіпорынның экономикалық ресурстарды пайдалану тиімділігінің дәрежесі қоғамдық өндіріс қол жеткізген өндірістік күштерді дамыту деңгейіне қатысты және бәсекелестердің ресурстарды пайдалану тиімділігіне қатысты анықталады. Осылайша, кәсіпорынның нарықтық экономика жағдайында бәсекелесуге қабілеттілігі шаруашылық жүргізуші субъект қызметінің жалпыландырылған сипаттамасы болып табылады, ол бәсекелестердің экономикалық ресурстарды пайдалану тиімділігіне қатысты шаруашылық жүргізуші субъекттің экономикалық ресурстарды пайдалану тиімділігінің деңгейін бейнелейді.

Экономикалық әдебиетке жүргізілген талдау экономисттердің еңбектерінде экономикалық кәсіпорынның бәсекелестігі санат ретінде жеткілікті дәрежеде айқындалмағандығын көрсетті. Бұл орайда зерттеушілердің көбісі әртүрлі елдерде халықаралық деңгейде негізделетін өнімнің бәсекелестігіне немесе кәсіпорынның бәсекелестігіне ерекше назар аударады.

Өнімнің бәсекелесуге қабілеттігі отандық және шетелдік экономисттердің еңбектерінде айтарлықтай кеңінен зерттелген. Өнімнің бәсекелесуге қабілеттілігі дегеніміз көбінесе оның тұтынушылық құны (тұтынушы үшін тиімділігі) мен тұтыну құнының (яғни тұтыну бағасы, оған сатылым бағасымен қатар өнімнің қызмет ету мерзімі кезіндегі эксплуатациялық және өзге ағымдағы шығындары кіреді) үйлесімділігін білдіреді, ол басқа жеткізушілердің өнімдерімен салыстырғанда дәл осы өнімді нарықта жетістікке жеткізеді. Басқаша айтқанда, өнімнің тұтынушылық сипаттамалары неғұрлым жоғары болып және тұтыну бағасы неғұрлым төмен болса, оның бәсекелесуге қабілеттігі соғұрлым жоғары болады. Өнімнің бәсекелесуге қабілеттігін анықтау үшін әдетте маркетингтік және квалиметриялық тәсілдер пайдаланылады, олар бірқатар факторларды ескереді, сол факторлардың арасынан ғалымдар өнімнің бағасы мен сапасының параметрлерін айрықшалай түседі.

Халықаралық деңгейде бәсекелесуге қабілеттігін зерттеу ауқымында экономисттер кәсіпорынның ұлттық экономика деңгейіндегі макроэкономикалық жағдайын талдауға баса назар аударады. Бұл тұста аталған макроэкономикалық жағдайлар ақыры соңында кәсіпорынның тиісті елдерде халықаралық сауда-саттыққа негізделетін бәсекелесуге қабілеттігі дәрежесімен шартталады.

Алайда, кәсіпорынның бәсекелестік іс-әрекеті бәсекелестердің олигополистикалық қарым-қатынасын зерттеу ауқымында, сондай-ақ стратегиялық маркетинг жөніндегі жұмыстарда жан-жақты қарастырылатынын атап өткен жөн. Аталған тәсілдердің алғашқысы (бәсекелестікті құрылымдық жағынан қарастыру ауқымында дамыған) олигополия жағдайында өндіріс көлемдеріне және бағаның деңгейіне қатысты бәсекелес стратегияны таңдауға қатысты ойындар теориясының математикалық тәсілдерін қолдануға негізделеді. Екінші жағдайда кәсіпорынның күш-қуатын нарықтың келешегі зор сегменттеріне шоғырландыру қажеттілігіне негізделеді. Бұл орайда сегменттерді таңдау критерийі болып әдетте сегмент нарығының шамасы мен қарқындылығы табылады. Екі тәсілді біріктіретін жайт - бұл кәсіпорынның бәсекелестік жағдайында тактика мен стратегияны таңдауының сыртқы аспектілеріне назар аударуы, әрине бұл маңызды, алайда кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілігінің көздері мен ішкі факторларын айқындауға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты аталған тәсілдер осы зерттеудің ауқымында қарастырылмайды.

Сонымен, өзіндік шаруашылық жүргізуші субъектілер ретіндегі кәсіпорындардың бәсекелесуге қабілеттігі негізінен өнімнің және/немесе халықаралық сауда-саттықтың бәсекелесуге қабілеттігі ауқымында қарастырылады. Осындай тәсілдің дұрыстығын таласқа түсірмей-ақ, нақты кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттігі көптеген өзге факторлардың анықтайтынын атап өтуге болады және ол факторларды назардан тыс қалдыруға болмайды.

Өнімнің бәсекелесуге қабілеттілігі шаруашылық жүргізуші субъекттің бәсекелесуге қабілеттігіне маңызды әсер ететіндігімен келісуге болады. Алайда, кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттігі анағұрлым сыйымды түсінік болып табылады және өндірілетін

өнімнен басқа қызметтің көптеген аспектілерінен тұрады, олар: менеджмент, маркетинг, қаржылық саясат, операциялық тиімділік және басқалары. Осыған байланысты, біздің пікірімізше, кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттігі оның өнімінің бәсекелесуге қабілеттігіне ғана байланысты деген түсінік дұрыс емес.

Халықаралық бәсекелесуге қабілеттілікке қатысты да дәл солай пайымдауға болады. Елде шаруашылық жүргізудің макроэкономикалық шарттары кәсіпорынның халықаралық деңгейдегі бәсекелесуге қабілеттігіне орасан зор әсер етеді, алайда шаруашылық жүргізуші субъектінің бәсекелесуге қабілеттігін толықтай анықтай алмайды. Макроэкономикалық шарттар бәсекелестік басымдылығына жетудің негізін ғана құрайды. Нақты кәсіпорынның жоғары бәсекелесуге қабілеттігіне жетудің алғышарттарын жүзеге асыру көптеген өзге факторларға тәуелденеді. Кері жағдайда шаруашылық жүргізудің оңтайлы макроэкономикалық шарттары бар елдерде шоғырланған барлық-дерлік кәсіпорындар бәсекелесуге қабілетті болар еді. Халықаралық бәсекелесуге қабілеттілік теориясына сүйене отырып, бір елде шоғырланған кәсіпорындардың бәсекелесуге қабілеттілігінің әртүрлі болуының себебі неде екенін анықтау мүмкін емес. Сәйкесінше, халықаралық бәсекелесуге қабілеттілік теориясы нақты кәсіпорындардың бәсекелесуге қабілеттілігінің себептеріне қатысты толық қамтылған жауап бере алмайды, сондықтан нақты шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметін макроэкономикалық талдау мақсатында қолданыла алмайды. Халықаралық бәсекелесуге қабілеттікті зерттеушілер өз алдына осындай мақсаттар қоймайтындығын атап өтуге болады [1,8].

Дегенмен, халықаралық бәсекелесуге қабілеттікті зерттеушілердің бәсекелестік күресу субъектілерінің бәсекелесуге қабілеттілік көздері мен факторларын анықтауға қатысты тәсілдері айтарлықтай негізді екенін атап өту қажет және осы жұмыстың мақсаты үшін негізге алына алады. Шын мәнісінде, әртүрлі елдердің кәсіпорындары мен өндіріс салалары жаһандық ауқымда бәсекелесе отырып, халықаралық сауда-саттық барысында экономикалық қызметтің элементарлық субъектілері ретінде болады. Кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілігі сияқты экономикалық санатты талдау бәсекелестік күресін халықаралық нарықта ғана емес, сондай-ақ жергілікті нарықта талдау дегенді білдіреді, бұл кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттігін қарастырған кезде халықаралық бәсекелесуге қабілетті теориясын толықтыру және түзету қажеттілігімен шартталады.

Бұл тұста, жүргізілетін зерттеудің мақсаты үшін жекелеген кәсіпорындардың бәсекелесуге қабілеттігін талдау барысында халықаралық бәсекелесуге қабілеттіктің ортақ қағидалары мен тұжырымдамаларын қолдану негізді болып табылады. Осылайша, өзіндік шаруашылық жүргізуші субъект ретіндегі кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттігі экономикалық әдебиетте жеткілікті анықталмағандықтан, бұдан әрі халықаралық бәсекелесуге қабілеттіктің негізгі тұжырымдымалары мен қағидалары қарастырылып, олар кәсіпорынның деңгейінде бейімделінетін болады.

Қазіргі таңда халықаралық бәсекелесуге қабілеттіктің бірқатар жаңа теориялары пайда болды, оларды талдау олардың барлығы бәсекелестік күрестің қандай да бір факторына өз назарын аударады деген қорытынды жасауға болады, аталмыш факторларға технологияны, ресурстарды, шығындар деңгейін және басқаларын жатқызуға болады. Біздің ойымызша, бәсекелесуге қабілеттілік сияқты сыйымды экономикалық санатты қарастыру барысына осыншама мән беру негізсіз. Қандай да бір тәсілді растайтын немесе теріске шығаратын көптеген мысалдар келтіруге болады. Кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілігі қандай да бір фактормен ғана анықталмайды, ол әр нақты жағдайда бірегей болып табылатын көптеген факторлардың қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. Бірқатар жағдайларда қандай да бір фактор шешуші рөл атқаруы мүмкін, алайда ол өзін ортақ мәндегі дәрежеге жеткізудің негіздемесі болмауы тиіс, себебі барлық басқа факторлар мен параметрлерді үйлестірген кезде ғана аталған шешуші мағынаға қол жеткізуге болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, халықаралық бәсекелесуге қабілеттіліктің айтарлықтай бүтін теориясы болып М. Портердің теориясы екенін түсінеміз. Сонымен қатар, М. Портердің тұжырымдамасын таңдау оның негіз қалаушы қағидаларға сүйенетіндігіне

байланысты, яғни сол қағидаға сәйкес, бәсекелестікке қабілеттілік ресурстарды пайдалану нәтижелілігін бейнелейді. Біздің пайымдауымызша, аталмыш қағида ел экономикасының деңгейінде де, жекелеген кәсіпорынның деңгейінде де әділ болып табылады, бұл М. Портердің бәсекелесуге қабілеттілік теориясын біздің зерттеуіміздің мақсатында бейімдеуге мүмкіндік береді.

Жұмыс күшінің болуы, табиғи ресурстардың молдығы, үкіметтің протекционистік саясаты, кәсіпорындарды басқару тәжірибесіндегі әртүрлілік сияқты факторларды қарастыра отырып, М. Портер олардың ешқайсысы жекелеп кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттігін анықтайтын мәселенің жауабын табуға мүмкіндік бермейді деген қорытынды жасады.

Кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілігінің деңгейі көптеген факторларға тәуелденеді, оларды екі топқа топтастыруға болады: бәсекелес орта және негіздеу. Бәсекелес орта факторларының мағынасы мен әсер ету сипаты бәсекелестіктің бес күшінің үлгісі түрінде ұсынылуы мүмкін. Факторлардың аталған блогының әсер ету нәтижесі болып кәсіпорынның тиісті стратегиялық жайғасымы табылады, оның қалыптасқан бәсекелес теңгеріміне қатысты баламалылық дәрежесі кәсіпорынның бәсекелесуге қабілеттілік деңгейімен тікелей байланысады [2,221].

Бәсекелестік тұрғысынан нарықтың үлесі айтарлықтай маңызды емес, бәсекелестік басымдылық қана маңызды. Стратегиялық қарым-қатынаста бизнес-бірліктен бір ғана нәрсені, яғни бәсекелестік басымдылықтарына жетуді талап ету қажет. Көшбасшылыққа ұмтылған көшбасшылықтың соңына түсу - бұл компания бәсекелестік басымдылықтарына ешқашан жетпейтіндігінің немесе тіпті қолындағы барынан айырылып қалатындығының кепілі. Көшбасшылыққа ұмтылған көшбасшылықтың мақсаты жетекшілерді нарықтың үлесін дұрыс есептеу үшін саланы қалайша дұрыс анықтау қажеттігіне қатысты таусылмайтын пікірталас жүргізуге итермелейді, бұл бәсекелестік басымдығына жету жолын қиындата түседі, демек бәсекелестік басымдылық кез-келген стратегияның негізі болып табылатындығын естен шығармаған жөн.

Әдебиеттер:

1. Еленева Ю.Я. Стоимостной подход как основа современного управления бизнесом //Проблемы теории и практики управления.-2002.-№3. С. 7-9.
2. Антипов Ю. Инновационная деятельность как фактор конкурентоспособности фирмы // Маркетинг и маркетинговые исследования.-2009.-№ 3 (89). С. 212-221.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ РИСКОЛОГИИ В АУДИТЕ

Омашева А.Б., Тлегулова А.А.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: tleugulova_asem@mail.ru

Изменение внешних факторов развития национальной экономики Казахстана является предпосылкой к совершенствованию методики аудита финансовой устойчивости организаций в зависимости от экономической среды его функционирования.

Аудит финансовой устойчивости организаций представляет собой оценку способности компании в условиях рискованной среды своевременно и в полном объеме финансировать свою деятельность и тем самым поддерживать расширенное воспроизводство. Так же, как и предпринимательские риски, тесно связанные с потенциальными доходами организации, размер аудиторского вознаграждения во многом обусловлен величиной рисков, с которыми встречается аудитор в ходе проведения аудиторской проверки. Диагностирование областей, подверженных высокому уровню риска, требует от руководителя компании привлечения специалистов в области аудита.